

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ УГОЛОВНОЕ И УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

ӨОЖ 343.131.5

М.Т.Абзалбекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## Қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктердің жүйесі

Мақалада қылмыстық процеске қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету сұрақтары қарастырылды. Автормен осыған байланысты конституциялық құқықтар мен кепілдіктер мәселелері және қылмыстық іс жүргізу заңнамасында бекітілген бірқатар ережелер көтерілді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін мойындауға, сақтауға және қорғауға, сонымен қатар олар бұзылған жағдайда тиімді құқықтық механизмдерді қалыптастыруға міндетті. Жасалған зерттеулердің негізінде мақалада заңнаманы жетілдіру бойынша теоретикалық ұсыныстар берілген.

*Кілтті сөздер:* қылмыстық процеске қатысушылар, қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігі, конституциялық құқықтар мен кепілдіктер, құқықтық қорғау, әлеуметтік қорғау.

Қылмыстық процеске қатысушы азаматтарды құқықтық қорғау өз алдына көп аспектілер жүйесін құрады, яғни Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік актілерінен тұрады, оның ішінде ең маңыздысы болып Қазақстан Республикасының Конституциясы танылады.

Қылмыстық іске қатысушы азаматтардың қауіпсіздігін қорғау кепілдіктері еліміздің Конституциясында ресми мәлімденеді, сонымен қатар олар өзге заңдар мен құқық салаларында өздерінің заңды негізін табады.

Қылмыстық процеске қатысушы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктердің жүйесі мен құрылымын өз бетімен зерттеу барысында төмендегідей түсініктер жиынтығын қажет етеді:

- зерттеліп жатқан саладағы қатынастарды реттейтін иерархия және құқықтық қайнар көздердің өзара байланыс тәуелділігі, кепіл беру және кепілді жүзеге асыру дегеніміз бір нәрсе емес деген ойға негіз болды. Күрделі жүйедегі заң шығарушы қайнар көздер, қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күрделі жүйедегі құқықтық кепілдіктерді ұсынады;
- біздің қызығушылығымызды білдіретін сұрақтарды реттейтін, кепілдіктердің ішкі қалыптасу жүйесі, заңды қайнар көздердің иерархиялық жүйесіне сәйкес келуі қажет;
- кепілдіктер, әр түрлі жоспарлы күшіне байланысты екі түрлі сипатта болады: материалдық, процессуалдық;
- салалық тәуелділігіне байланысты кепілдіктер құрылымы, олардың мазмұндық мәнінің көзқарасынан, сонымен қатар заң шығарушының еркін жүзеге асырудың сыртқы формалар көзқарасына түрлендіреді.

Осылайша қарастыратын мәселенің мәнін жан-жақты құқықтық талдау өзіне ортақ амалды кіргізбейді, онда процеске қатысушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдар өкілдеріне және қылмыстан жәбірленушілерге, сонымен қатар қылмыстық қадағалау кімге қарай жүргізілетіндерге де таралады. Бұл кепілдіктердің салалық тәуелділігі мен құрылымының, сонымен қатар мемлекеттік

қорғауды қажетсінетін тұлғалар процесіндегі құқықтық жағдайға байланысты айырмашылықтарының бар екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, судьяның, прокурордың қауіпсіздігі күдікті немесе жәбірленуші қауіпсіздігінен басқаша кепілдіктер мен және құралдармен қамтамасыз етіледі [1].

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарына берілетін кепілдіктердің құқықтық негізін келесі заңнамалардан көруге болады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы арнайы норманы енгізді, ол өзіне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін бекітті. Зерттеу тақырыбына сәйкес келесі кепілдіктердің мәні бар:

- адамдардың құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен және халықтың денсаулығы мен қадір-қасиетін қорғау мақсатында қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін;
- лауазымды тұлғалар, олар өздерінің өкілеттіктерін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы жоғарылатып, заңмен бекітілген жауапкершілікте болады;
- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қолдау кепілдігі болады, сонымен қатар оларда Қазақстан Республикасының заң шығару органдарына сәйкес ұлттық қорғау кепілдігі бар.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құралдар ретінде осы заңға сәйкес 19-бабында былай бекітіледі:

А) азаматтардың, олардың құқықтары мен бостандықтарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кепілдіктерді бекіту (п.1.1-т.);

Б) қылмыспен күресті күшету (п.1.5-т.) [2].

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 28-бабына сәйкес осы құқықтың қайнар көзі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жеке бағыттары мен әдістерін белгілейтін заңды және басқа да нормативті-құқықтық актілерді қабылдау және өңдеу үшін негіз болып қызмет еткендіктен, жоғарыда талданған осы заңның бірқатар жағдайлары Қазақстан Республикасының «Қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңында өз бейнесімен дамуын тапты деп санауға болады. Бұл жағдайды осы заңды талдау куәландырады:

а) қорғау бойынша шаралар қабылдау үшін іс жүзіндегі шаралар болып табылатындар: күш қолдану арқылы, өлтіру қауіпі, мүлікті жоюды немесе бүлдіру, немесе басқа да қауіпті құқыққа қарсы әрекеттерден қауіп-қатерлер. Бұл жағдайда процесі жүргізуші орган осы тұлғалардың өмірін, денсаулығын, мәртебесін, ар-ожданын және мүлкін қорғауға байланысты заңмен қарастырылған бүкіл шараларды қабылдауға міндетті (4-б.). Берілген жағдайлар «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңның 16-бабымен азаматтардың, олардың құқықтары мен бостандықтарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кепілдіктерді бекітумен байланысты бөлімінде кездеседі;

б) қауіпсіздік шаралары бөлшектеп белгіленген (7–20-б.). Бұл қылмыс кең заң бұзушылықтың өсуіне әкелетін әрекеттер жасау және шешім қабылдауға тыйым салу тұлғалар және азаматтар жағынан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кепілдіктерді бекітуге бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру және шешім қабылдау қажеттілігі туралы 19-бапта айтылады. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңындағы талапқа сәйкес келеді;

в) қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қорғаушы тұлға жағынан қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруды қабылдаудағы кінәлі органдардың, лауазымды тұлғалар жауапкершілігі бекітілген (28-б.) [3].

Бұл жағдай ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде өз өкілеттіктерін жоғарылатқан лауазымды тұлғалардың заңмен бекітілген жауапкершілікке тартатындығын белгілейтін «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы осы жағдайды қауіпсіздік шараларын жүзеге асыруды қабылдамағандығы үшін лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту негізіне қосу жолымен дамытты.

Процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін дербес кепілдіктер ретінде «Қазақстан Республикасының қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңының 7-бабында қарастырылған, қауіпсіздік шараларының түрлері, берілген заңның 8–20-баптарында бекітілген олардың бөлшектік тәртібі саналады. Қауіпсіздік шараларының аталған түрлері Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес алғы шарттар мен үйлесуі теориялық-құқықтық қызығушылықты білдіреді. «Қазақстан Республикасының қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңында қарастырылған қауіпсіздік шараларының түрлерінің

сәйкес дәрежесінің және Қылмыстық-процессуалдық кодексте қарастырылған шараларының түсінуінің толықтығы үшін келесідегідей сәйкестендіру түрінде бейнелеуге болады.

Бұл сәйкестендіру төмендегі ойлардың негізділігін білдіреді:

А) «ҚР қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңында қарастырылған қауіпсіздік шараларының жүйесі ҚДЖҚ-де берілген тәртіптен, айтарлықтай кең, толық және бөлшектенген;

Б) ҚДЖҚ мен «ҚР қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңының арасында тікелей түсінігінде қарама-қайшылық жоқ. Заңның 7–20-баптарындағы жағдайлар ҚДЖҚ-ң 100,101-баптағы жағдайларды толықтырады және дамытады;

В) ҚДЖҚ-ң жағдайлары мен басқа заңдарының арасындағы қарама-қайшылық жағдайында ҚДЖҚ-ң жағдайлары әрекет етеді;

Г) «ҚР қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Заңы өз күшіне 2001 жылы қаңтарында енді, бірақ оны қолдану «Қылмыстық сот өндірісінің тәртібін реттеуші басқа заңдар жағдайлары ҚДЖҚ-ке енгізу тиіс» деген ҚДЖҚ-нің 1-бабының 1-бөлімінің талабына сәйкес мәселелі болып табылады;

Д) ҚР Конституциясында, ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы Заңында бекітілген қауіпсіздік кепілдіктері берілген құқық қайнар көздерінің салалық тәуелділігін анықтау мәні зор.

Құқықтық қорғау — бұл материалды қылмыстық кодекс және процессуалдық-құқықтық ұйғарымдарының жиынтығы.

Әлеуметтік қорғау — қылмыстық-процессуалдық құқықты реттеу құралдары туралы шегінен тыс жататын құқықтық қатынастар аясы.

ҚР Конституциясының нормаларымен реттелетін қатынастар спектрі мемлекет пен қоғамның тіршілік әрекетінің бүкіл аясын қамтиды. Әрине, конституциялық құқық нормалары аталған аяларды жан-жақты және оның бүкіл бағыттарында реттемейді.

Олар тек аталған аялардың сұрақтарын ғана қамтиды. Конституциялық нормаларды жүзеге асыратын нақты механизм қоғамдық қатынастардың нақты аясын реттейтін ҚР-ның сәйкес нормативтік актілерінде қарастырылған.

Конституциялық заңның 26-бабында судьялар, олардың отбасы мүшелері мен мүлкі мемлекеттің қорғауында болады, оның тиісті органдары арқылы судьялар мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларға тиесілі мүлкті сақтауға, егер судьялардан немесе оның отбасы мүшелерінен тиісті өтініш түскен жағдайда, дер кезінде және барлық шараларды қолдануға міндетті [4].

Қылмыстық сот өндірісі кезінде қауіпсіздік кепілдігін реттейтін нормативтік актілердің бірі 1998 жылы 1 қаңтарда қабылданған ҚР-сы ҚДЖҚ.

ҚДЖҚ-нің 15-бабы қылмыстық процесті жүргізуші орган қылмыстық процеске қатысушы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, процеске қатысушылардың заңды талаптарын қанағаттандыруға уақытылы шаралар қолдануға міндеттейді.

Жәбірленушіні, куәні немесе қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдарды, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін немесе өзге де жақын туыстарын өлтірумен, күш қолданумен, мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен, не өзге де заңға қарсы қауіпті әрекеттермен қорыққандығына жеткілікті негіздер болған кезде қылмыстық процесті жүргізуші орган өз құзыреті шегінде бұл адамдардың өмірін, денсаулығын, абыройын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғауға заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті.

ҚДЖҚ-нің 98-бабы судьяның, прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, қорғаушының, сарапшының, маманның, сот приставының, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының мемлекеттік қорғауда болатындығын бекітеді әрі кепілдендіреді. Қорғаушы мен маманды қоспағанда, жоғары көрсетілген тұлғалар билік өкілдеріне жатады және өздерінің кәсіби қызметін ҚР Конституциясымен және ҚДЖҚ-нің 8-бабында көзделген міндеттерді орындау бойынша жүзеге асыруға тиіс [5].

ҚДЖҚ-нің 99-бабы қылмыстық ізге түсу органдарын тергелетін қылмыстық іс бойынша жәбірленушіге, куәге, айыпталушыға, қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдарға қатысты қауіпсіздік шараларын қолдануға міндеттейді. Тергеуге дейінгі тексеру кезеңінде, процеске қатысушыларға, олардың жақындарына құқыққа қарсы ықпал жасалу мүмкіндігі айқын білінетін жағдайлар сирек емес. Осыған орай қауіпсіздік шаралары алдын ала жоспарлануға тиіс. Қылмыстық

істің мән-жайлары мен санаттарына байланысты, ықпал кімге жасалу мүмкін екендігін, тергеу және өзге де әрекеттерді жүргізу қанда жағдайға байланысты жоспарлана тындығын анықтау қажет.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдану туралы өтініш жазбаша немесе ауызша түрде беріледі. Жазбаша өтініш, өтініш берушінің анкеталық деректері көрсетіле отырып, тергеушіге немесе тергеу жедел-ізвестіру тобының жетекшісіне жолданады. Өтініштің мәтінінде кімге қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану қажет екендігі көрсетіліп, оларды қолдану қажеттілігінің ниеті (немесе себептері) мәлімделеді. Өтініш берушінің қолтаңбасынан кейін өтініш қабылдаған лауазымды тұлғаның қызметі мен тегі, қабылданған күні мен тура уақыты көрсетіледі. Ауызша өтініш қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларды қолдану туралы ауызша өтініштің хаттамасымен рәсімделеді. Аталған хаттаманы өтінішті қабылдаған лауазымды тұлға жасайды.

Қылмыстық ізге түсу органының бастамашылығы бойынша қауіпсіздік шараларын қолдануы рапорт арқылы рәсімделеді. Онда оған қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану қажет болатын тұлғаның анкеталық деректері және қауіпсіздік шаралары қандай қылмыстық іс (материал) бойынша қолданылатыны, мұндай шараларды қолданудың негіздері (жедел ақпарат, анонимдік хабарлама, іс жүргізуге қатысушының ауызша ақпараты және т.б.) көрсетіледі.

Аталған құжаттарды олардағы ақпараттың қасақана немесе абайсызда жариялану мүмкіндігіне байланысты тіркеуге болмайды.

Келіп түскен өтінішті қарап шығып және ҚР ҚІЖК-нің 99, 202-баптарын басшылыққа ала отырып, тергеуші жиырма төрт сағаттық мерзімде келесі процессуалдық шешімдердің бірін қабылдайды:

а) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нақты шараларды қолдану туралы қаулы шығарады, оның сипаттаушы бөлімінде істің мән-жайлары, қайсыбір адамға қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану үшін негіздер, қандай қауіпсіздік шараларын қолдану қажет екендігі көрсетіледі.

Қаулының резолютивті бөлімі қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешімнен тұрады, онда олар неден көрініс табу керек екендігі, қауіпсіздік шараларын қолдану, қауіпсіздік шаралары қолданылатын адамның құқықтары мен оған қойылатын шектеулерді түсіндіру қандай органға тапсырылатындығы көрсетіледі;

б) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолданудан бастарту туралы қаулы шығарады, оның сипаттаушы бөлімінде істің мән-жайлары мен бастартудың себептері көрсетіледі. Қаулының резолютивті бөлімі қауіпсіздік шараларын қолданудан бастарту туралы шешімнен және өтініш берушінің бұл шешімге сотқа немесе прокурорға шағым беру құқықтарын түсіндіруден тұрады.

Қабылдаған процессуалдық шешім туралы өзіне қатысты мұндай шешім қабылданған тұлғаға дереу хабарланады, бұл туралы қаулыға сәйкесінше белгі қойылады немесе оның көшірмесі тапсырылады.

Ақпараттық ашылу мүмкіндігіне және жету мерзімінің ұзақтығына байланысты қауіпсіздік шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін поштамен жіберуге болмайды.

Жеке бастың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қолдану туралы шешімді қылмыстық процесті жүргізуші орган қабылдайды және оларды жүзеге асыруды жедел ізвестіру немесе өзге бөлімге тапсырады.

Жеке бастың қауіпсіздігі шаралары ретінде келесілер танылады:

- физикалық қорғау — қорғалатын объектіні (қорғалатын адамды, оның тұрғын үйі мен мүлкін) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тікелей қорғау;
- техникалық қорғау — қорғалатын адамның тұрғын үйі мен мүлкін өрт және қорғаныс сигнализациясы құралдарымен жабдықтау, құқыққа қайшы әрекеттерді тіркеп отыру және олардың жолын кесу үшін, төнетін қауіп туралы хабарлап отыру үшін арнайы техникалық құралдар беру;
- өзіндік арнайы қорғаныс құралдарын (бронезжилет немесе т.б.) беру;
- арнайы техникалық құралдарды пайдалану — заңмен бекітілген тәртіпте құқыққа қайшы ықпал етуді тіркеу және оның жолын кесу мақсатында бейнежазба, сөйлесулерді таңдау дыбысжазба жүргізілуі мүмкін;
- ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, кез келген ақпараттық-анықтамалық қордан қорғалатын адам немесе оның мүлкі туралы мәліметтерді беруге тыйым салу;

- құжаттарды ауыстыру — қылмыстық ізге түсу органының немесе судьяның шешімімен тиісті органдар қорғалатын кез келген құжатын дереу ауыстырып береді (мұндайда анкеталық деректер өзгертілуі мүмкін);
- сыртқы бейнені өзгерту — қылмыстық ізге түсу органының немесе судьяның шешімімен тиісті мекемеде қорғалатын адамның сыртқы бейнесін өзгертеді;
- қорғалатын адамның тұрғылықты жерін, жұмыс, оқу орын уақытша немесе тұрақты өзгерту;
- қылмыстық ізге түсу органымен немесе сотпен анықталған қауіпсіздікті қамтамасыз ететін орындарға уақытша орналастыру.

Әскери қызметшілерге қосымша мынадай қауіпсіздік шаралары қолдануы мүмкін:

- басқа әскери бөлімге, құрамаға немесе әскери мекемеге уақытша жіберу;
- басқа қызмет орнына ауыстыру;
- қорғауды (соның ішінде әскери бөлім командованиесінің тарап-тарына қорғауда) қамтамасыз ету.

Аталған шаралар қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы шешім шығаратын және қауіпсіздік шараларын тікелей жүзеге асыратын органдардың қарауы бойынша қолданылады.

Сот талқылауына қатысатын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ҚДЖК-нің 101-бабымен белгіленеді, онда сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төрағалық етушінің соттық жабық отырысын өткізетіндігі, сондай-ақ ҚДЖК-нің 100-бабының 1–4-бөліктерімен көзделген шараларды қолданатындығы көрсетіледі.

Сот талқылауына қатысушыларына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы соттың қаулысын атқару қылмыстық ізге түсу органына, сондай-ақ сот приставына жүктеледі. ҚР ҚДЖК-нің 302-бабына сәйкес басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім қабылдау барысында, ҚДЖК-нің 98–99-баптарында көрсетілген адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қолданудың қажеттілігі туындаған жағдайда судья істі соттың жабық отырысында қарау туралы шешім қабылдайды.

Сонымен қатар ҚДЖК-нің 12-тарауындағы баптардың диспозициясында көрсете отырып, заң шығарушы «қылмыстық процеске қатысушы басқа да тұлғалар» санатына нақты кімдердің жатқызылатындығын анықтамаған.

Сондай-ақ ҚДЖК-нің 12-тарауындағы баптарында мемлекеттік қорғау жүзеге асырылатын тұлғалардың санаттары нақтыланбаған. Мәселен, ҚДЖК-нің 100-бабында сезіктінің мемлекет қорғауында болатындығы көрсетілген, ал бұл туралы ҚДЖК-нің 99-бабында қарастырылмаған. Жоғарыда көрсетілген ҚДЖК нормаларының ешқайсысында сотталушыны, аудармашыны, куәгерлерді, т.б. мемлекеттік қорғау жөнінде көрсетілмеген.

Кері талқылауға жол бермеу үшін ҚДЖК-нің 7-бабында «қорғалатын адамдар» деген ұғым енгізуге болады. ҚДЖК-нің қалған нормаларында жоғарыдағы терминді қолдану қажет.

Сонымен бірге ҚДЖК-нің жоғарыда көрсетілген нормаларын зерделей келіп, мынадай қорытындылар жасауға болады:

- заң шығарушы қорғалатын тұлғалар санаттарын олардың іс жүргізушілік мәртебесіне және ҚР-нің қылмыстық процесінде атқаратын міндеттеріне қарай даралаған (дифференциациялаған);
- заң шығарушы қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларға және сот талқылауына қатысатын тұлғаларға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз етуді даралаған (дифференциациялаған).

Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың, олардың іс жүргізушілік мәртебесіне және атқаратын міндеттеріне қарай, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді даралауға қатысты пікір төменде берілетін болады.

Қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларға және басты сот талқылауына қатысушы тұлғаларға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз етудің даралауын біз мынаған байланысты негізделген деп есептейміз: осылайша заң шығарушы қауіпсіздік қамтамасыз ету туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың (қылмыстық ізге түсу органы және сот) қатарын анықтаған. Сондай-ақ аталған шараларды қолдану сатыларын қылмыстық ізге түсу барысында қолданылатын және сот талқылауы барысында қолданылатын деп жіктеген.

Ішкі істер органдары жоғарыда көрсетілген міндеттерін белгілей отырып, заң шығарушы Жарлықтың 23-бабында ішкі істер органының қызметкерлері үшін қызметтік және қауіпсіздік кепілдіктерін қарастырған: ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен қызметтік парызын орындаумен байланысты қорлау, қарсылық білдіру, күш көрсету мен қорқыту немесе олардың отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне, денсаулығын, қадір-қасиетін, ар-

намысына және мүлкіне қол сұғу ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңды талаптарын орындамау заңмен берілген жауапкершілікке әкеліп соқтырады [6].

«ҚР Прокуратурасы туралы» 21.12.1995 жылғы ҚР-сы Президентінің заң күші бар Жарлығы 6-бабына сәйкес прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады [7].

ҚР прокуратура органдарының міндеттерінің бірі — адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын, құқықтық актілердің және органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар іс-әрекеттерінің заңдарға сәйкестігін қамтамасыз ету.

Жарлықтың 50-бабы бойынша, прокуратура органдарының қызметкерлері мемлекеттің қорғауында болады, прокурордың заңды талаптарын орындамау, оның қызмет бабындағы жұмысына байланысты прокурорды немесе оның отбасы мүшелерін қорлау, қорқыту немесе күш көрсету, олардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне қол сұғу, прокурордың қызметтік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін басқа да әрекеттер заңда белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Жоғарыда айтылғандарды талдай келіп, мынадай қорытынды жасауға болады.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР ҚДЖК-нің және 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қылмыстық процеске қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның Заңын күшіне енгізгенге дейін қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктердің жүйесі мен құрылымы көбіне-көп жариялы сипатта болған. Бұған оларды іске асыру механизмінің жоқтығы себеп болған. Қазіргі кезде қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарына кепілдіктер толық, жан-жақты заңдарда қарастырылған. Бұл осы мәселеге байланысты процессуалдық заңның жетілгендігін көрсетеді.

Өздеріне қатысты қылмыстық қудалау жүргізілетін тұлғалардың құқықтарын сақтау тәрізді қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігі мәселелері, олардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол бермеу де өзекті мәселе болып саналатындығын ұғыну қажет.

ҚР-ның заңдары арасындағы қандай да болсын қарама-қайшылықтарды болдырмау мақсатында әрекететуші заңдарды тәртіпке келтіру жөнінде заң шығармашылық сипаттағы шаралар қолдану қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ахпанов А.Н., Андреев В.И.* Безопасность участников уголовного процесса: Монография. — Алматы, 2002. — С. 16.
- 2 «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР Заңы (26.06.1998). — Алматы: Баспа, 2010. — 7-б.
- 3 «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР Заңы (5.07.2000). — Алматы: Баспа, 2010. — 10-б.
- 4 ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі. Заңдармен енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен). — Алматы: Баспа, 2010. — 7-б.
- 5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз (2007 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен). — Алматы: Жеті жарғы, 2010. — 12-б.
- 6 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңы (21.12.1995). — Алматы: Баспа, 2010. — 7-б.
- 7 «Қазақстан Республикасы Прокуратурасы туралы» ҚР Заңы (21.12. 1995). — Алматы: Баспа, 2010. — 9-б.

М.Т.Абзалбекова

#### **Система правовых гарантий, обеспечивающих безопасность участников уголовного процесса**

В статье рассматриваются вопросы обеспечения безопасности участников уголовного процесса. Автором подняты проблемы конституционных прав и гарантий, связанные с ними вопросы и некоторые положения прав, закрепленных в уголовно-процессуальном законодательстве. В соответствии с Конституцией РК государство обязано признавать, соблюдать и защищать права и свободы человека и гражданина, создавая при этом эффективные правовые механизмы устранения любых нарушений. На основе проведенного исследования в статье сформулированы и обоснованы теоретические выводы по совершенствованию законодательства.

Given article is dedicated to study of the questions, in accordance with provision of safety criminal process participant. In process of the study are considered questions of the constitutional rights and warranty, are at the same time touched connected with him questions and some positions of the rights, bolted in criminal-процессуальном legislation. In correspondence to of the Constitutions RK state is obliged to acknowledge, keep and protect the right and liberties of the person and person, creating herewith efficient legal mechanisms of the removal of any breaches. On base of the called on study in given article are worded and обоснованы theoretical findings on improvement legislation.